

## ҚАЗАҚ ЭТНОНИМИ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАЙТАЛАНҒАН (ПАРАЛЛЕЛЬ) РУЛАР ХАҚЫНДА (Қазақ-қарақалпақ рулары материалдары бойынша)

ҚОЖАНҰЛЫ М. 

**Қожанұлы Манасбай** – Филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті, Астана қ., Қазақстан

E-mail: [m\\_kozhanuly@mail.ru](mailto:m_kozhanuly@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-9935-0750>

**Андатпа.** Мақалада қазақ этнонимі жүйесіндегі қайталануы (параллель) арқылы жасалған рулар (этнонимдер) хақында сөз етеді. Автор, қазақ-қарақалпақ рулары материалдары негізінде екі халықтың қайталанған (параллель) ру аттарына қатысты материалдардың зерттеу әдіс-тәсілдерін түсіну-талдау проблемасын оңтайландыру мақсатында, тектес-аттас ру аттарын глоттохронологиялық (немесе лексика-статистикалық) әдісі аясында сөз етеді. Зерттеу нәтижесінде қайталанған (параллель) этнонимдер ертеден келе жатқан тарихи-мәдени байланыс, әрі көне тілдік құбылыстың бірі екенін ескеріп, қазақ этнонимдер жүйесіндегі қайталануы арқылы жасалған этнонимдердің өн бойында о бастағы бір-бірімен туыстығы мен руаралық байланысы, жайлаған жерлері мен қоныстары көршілес, ортақ болған деген қорытындыға келеді. Сондай-ақ қазақ этноним жүйесінде түркі халықтарының (қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, түрікмен) тарихы мен мәдениеті, тілі мен әдебиеті аясында этнонимдерді, қала берді, рулық-тайпалық әдет-ғұрпы, салт-санасын тығыз бірлікте алып зерттеу керектігін ұсынады. Автор, қазақ этнонимдер жүйесіндегі қайталанған немесе тектес-аттас рулар қазақ-қарақалпақ халқының тұтастығы жолындағы ерлік пен елдіктің ақ туын бірлікте ұстаған ата-бабалар өмір жолының бір парағы ретінде талдау жасап, зерттеу – қазақ ономастикасының өзекті проблемаларының бірі екенін алға тартады.

**Түйін сөздер:** этноним, глоттохронологиялық (немесе лексика-статистикалық) әдіс, сақ, массагет, Кіші жүз рулары, қазақ-қарақалпақ рулары: ақпышак, әйдербек, т.б.

### Кіріспе

Қазақ поэзиясында ұлы Абайдан кейін, өзіндік сыршыл лирикасымен орын алған ақын Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» атты өлеңінде: «Ертеде Оқыс, Яксарт – Жейхун, Сейхун; Түріктер бұл екеуін дария дейтін. Киелі сол екі су жағасында, Табасың қасиетті бабаң бейтін» [1, 174],- деген жолдарынан ертедегі түркі халықтары бүгінгі Әмудария мен Сырдария жағалауы ата бабамыздың құтты мекені болғанын көреміз. Олай болса, осы аталған екі дарияның жағасында өмір кешкен, соның ішінде сонау қатпары мол, туыстас қазақ пен қарақалпақ елі арасындағы арлы-берлі тарихқа қысқаша шолу жасаған ғалым Р. Бердібай: «Ежелден тағдыры ортақ елдің әрідегі Алтын Орда, Ноғай Ордасы тұсындағы тығыз қарым-қатынасты сөз етпегенде, қарақалпақтар XVII ғасырдың ақырынан XVIII ғасырдың орта тұсына дейін Сырдария бойында өмір көшкенін айтсақ та, түбі бір туыстықтың сыры біршама айқындалып қалады. Қарақалпақтар Қуандария мен Жаңадариядан су шығарып, диқаншылықпен айналысқан. Олар XVIII ғасырда он төрт ру Қыпшақ, Қытай, Маңғыт, Кенегес болып, өз ішінен жіктелген. Қоңырат та өз тарапынан жеке топтарға бөлінген. Тәуке хан тұсында қарақалпақтар қазақпен бір бірлестік құрамында болған. Бұдан кейін кіші жүз хандарының қоластына қарайды. Аталған кезеңде Сырдария қарақалпақтары түркістандықтар, ал Түркістан күллі қарақалпақтың ата жұрты делінген. Сырдария жағалауындағы Сығанақ пен Жанкент бұл халықтың тарихында маңызды орын алған. Жоңғар жаулаушылығы кезінде қазақ секілді қарақалпақ та дұшпан шапқыншылығына душар болған. Туыс жұрт XVIII ғасырдың орта шенінде Хорезм жеріне барып табан тіреген. Бұл хал Жиен жыраудың «Босқан ел» деген дастанында суреттелген. Осы және басқа көптеген ұқсастығының негізінде көбінесе тарихи-генетикалық сипат басым жатқанын дәлелдейді» [2, 64],- деп жазса, ал қазақтың ауыз әдебиетінде:

«Өзбек өрістес ел,

Қырғыз қоныстас ел,

Қарақалпақ қарындас ел,

Түрікпен тамырлас ел»,- дегендей, асты сызылған жолдан қарақалпақ қазаққа бауырлас, туысқандық жақындығы барлығымен бірге, оны қарындасқа теңеуінде үлкен мән жатқанын екі халықтың ортақ тағдырына қатысты жазылған тарихи-әдеби шығармалардан байқау қиын емес. Соның бірі - XVIII-XIX ғасырлардағы Сыр бойындағы қазақтар мен қарақалпақтар арасындағы тарихи оқиғаны арқау еткен жазушы З. Шүкіровтің «Сыр бойы» атты тарихи романында көрініс тапқаны баршаға белгілі.

«Қазақтың Островскийі» атанған З. Шүкіровтың «Сыр бойы» тарихи шығармасындағы мына жолдар, яғни Мақпал үшін Сегіз бен Жабы арасындағы оқиғаны былайша түйіндейді: «Жабыны екі иығынан басып ұстаған күйі, Сегіз демін алқына алады.

- Болғалы тұрған бала екенсің, – деді. Жабының көзіне қадала қарап тұрып айтты. – Қаныңды жүктеп қайтейін. Мақпал менікі. Айтқаным – айтқан, қарындасымды бердім!

... Жанназар ... Сегіздің ерлігіне ырза болып тұр еді.

Қыздың көші бетін кейін қарай бұрды. Сегіз уәдесінен шықты. Қарындасы Қарылғашты Жабыға беріп еді. Той тойға ұласты» [3, 101]. Бұл жолдардан жоғарыдағы асты сызылған тіркестің мән-мағынасын жазушы шығармасы нақтылай түссе, екіншіден, қазақ пен қарақалпақ ағайыны арасындағы құда-жекжаттық, қыз алу-беру туралы шығарманың өн бойынан көреміз. Үшіншіден, егіздің сыңарындай болып кеткен, бір-бірімен бауырлас, туыстығын қазаққа қарақалпақты дәлелдеп жатудың өзі де артық болар. Төртіншіден, қарақалпақ ғалымы Д. Айтмұратовтың Қарақалпақ жерінде мекендеген түркі халықтары (*қарақалпақ, шеркес/черкес, башқұрт, қырғыз, ұйғыр, түрк/тюрк, пешенек/печенег, сак/сақ, массагет, скиф*) туралы ғылыми-зерттеу еңбегінде [4] шетелдік (советтік) және отандық ғалымдардың көзқарастарына сүйеніп, Қарақалпақ халқының тарихына қатысты деректерге жан-жақты шолу жасағандықтан, бұл жерде тоқталмадық. Алайда, ғылымда қарақалпақ халқының қалыптасуы, этногенезі жөнінде әлі де даулы мәселе бар екені белгілі. Сондықтан біз, бұл дау-дамайдан аулақ болу мақсатында, оқырман назарына: «Қарақалпақтардың ежелгі ата-тегі б.з.б. VII-II ғасырларда оңтүстік Арал теңізі жағасын мекендеген сак, массагет тайпалары болып табылады.

Б.з. ІҒ. соңы мен б.з. IVғ. Арал өңіріне шығыстан ғұндар, VI-VIII ғғ. түріктер келіп орналасты. Бұл кезеңдерде ерте ортағасырлық Арал өңірі тайпаларымен, VIII-X ғғ. оғыздар мен печенегтердің араласуынан қарақалпақ халқы қалыптаса бастады. X ғ. басында печенегтердің бір бөлігі батысқа, оңтүстік орыс далаларына кетті.

Киев русіне қоныстанған тайпалар Ресей шежірелерінде «қара клобуктар», түрік тілінде – «қара қалпақ» (черная шапка) деп аталды. Қалған печенегтер Ертіс бассейнінен келген қыпшақ тілін қабылдап, араласып, бір-біріне сіңісіп кетті. XIV-XV ғасырларда ноғайлармен қарым-қатынасқа түсуі қарақалпақ этногенезіне өзгерістер әкелді.

Қарақалпақтардың этногенезі Сырдария мен Арал өңірін мекендеген тайпаларымен байланысты қалыптасты.

XVII-XVIII ғғ. қарақалпақтардың үлкен бөлігі Сырдарияның орта және төменгі ағыстары өңірлерін мекендеді [5, 189-190], - деген қысқа да, нұсқа асты сызылған мәтін жолдарындағы *сак, массагет тайпалары* хақында кейбір тарихи деректерді ұсынуды жөн көрдік.

Тарихи деректерге қарағанда, Атырау мен Үстірт жерінде де бірқатар тайпалар болған. Солардың бірі - б.з.б. ғасырларда өмір сүрген сақтар мен массагеттер туралы Қазақстан тарихында: «Сақтар мен массагеттер еліне Ахеменид патшалары Дарий мен одан бұрынғы II Кирдің жорықтары тарихи анықталған фактілер қатарына жатады. ...II Кир мен Дарий жорықтарының жолдары талас туғызады. Біреулер Дарий өзінің ізашарының жүрген жолын қайталай отырып, сақтармен Әмударияның арғы жағында Арал теңізі маңында кездесті деп санайды, екінші біреулер II Кир массагеттермен Үзбой өзені арғы жағында (Әмударияның бүгінде

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences тартылып қалған батыс саласы) шайқасты, ал Дарий сақтар жеріне Әмударияның орта тұсынан өтті деп санайды. Бір нәрсе айқын: пікірлердің қайшылықтарына қарамастан, екі жорық та массагет-сақтар тайпаларына қарсы бағытталған; бұлардың жері Геродоттың ортокаривантийлерінің немесе Бехистун жазбасындағы тиграхауда-сақтардың жерімен толық немесе ішінара сәйкес келеді деп топшылау керек» [6, 162], - деп жазады. Тарихшы И.В.Пьянков: «Географиялық жағынан алғанда, бұл Каспийдің шығыс төңірегі мен Үзбойдан Сырдария өзеніне дейін қоса алғандағы Арал маңының аймағы» [7, 117], - деген пікірді айтса, одан әрі Қазақстан тарихында: «Массагет одағы, сірә, дербиктер, абийлер, апасиактар сияқты тайпаларды да біріктірсе керек» [6, 162], - деп жазғандай, жоғарыдағы тарихи деректер жолдарынан б.з.д. ғасырларда Каспий теңізі мен Арал теңізі аралықтарында сақтар мен массагеттер мекендеген деп ой түйе болады. Сондай-ақ, сақтар мен массагеттер тайпасынан кейін б.з.б. III ғасырдың орта шенінде *дайлар* тарих сахнасында массагеттердің орнын басып, Каспий маңының оңтүстік-шығысынан, Парфия шекарасынан келіп шығады. Осы уақыттан бері «Каспий теңізінен бастап, көптеген скифтерді дайлар деп аталады» [8, 192], - дегендей, *дай* тайпасын да еске салғанын көреміз.

*Ақпарат ретінде* Біз, бұл жерде алдымызға дай (дах) тайпасы туралы және қарақалпақ ғалымы Д. Айтмұратов [4] ғылыми-зерттеу еңбегінде сак/сақ, массагет, скиф этнонимдерін сөз еткендіктен, оларға тоқталуды мақсат етпедік. Сондай-ақ, Геродот [8, 192] осы жерді мекендеген сақтарды көптеген басқа да грек авторлары сияқты, сақтарды скифтер деп кейде, «азиат скифтері» терминін қоса атағанын жазады.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Қазақ этнонимі жүйесінде қазақ-қарақалпақ халқына ортақ, қайталанған рулар әлі де сөз етілмегені назарға алынды. Мұның өзі туыстас екі халықтың тарихи-мәдени байланысының тағы бір дәлелі болса керек.

Зерттеу материалдары ретінде И.Н. Лезина, А.В. Суперанскаяның «Ономастика. Словарь-справочник тюркских родоплеменных названий» [9] және осы жол авторы құрастырған «Қазақтың ру-тайпа аттары» [10] кітаптарын басшылыққа алып, сондай-ақ отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлері мен ғылыми-ақпараттық ресурстары негізінде жұмыста салыстыру-бақылау, талдау және глоттохронологиялық (лексикостатистикалық) әдістері қолданылды. Бұл зерттеу одан әрі екі халыққа тән тектес-аттас (қайталанған) этнонимдерді тануға мүмкіндік береді.

Зерттеуге негіз болып отырған қазақ-қарақалпақ халқына ортақ рулары хақында болғандықтан, қарақалпақ руларына тоқталмастан бұрын, ең алдымен, қарақалпақ елінің географиялық орналасу жағдайы, этникалық құрамына қатысты мәліметтерді бір-екі жолмен түйіндесек: «Қарақалпақтар – ұлт атауы. Қарақалпақ – Өзбекстан Республикасы құрамындағы дербес республика. Солтүстік батыс Өзбекстан, Әмударияның төменгі жағы мен Арал теңізінің оңтүстік жағалауына орналасқан [5, 188],- делінсе, енді бірде: «Ол – шығысы Өзбекстанмен, солтүстігінде және солтүстік-шығысында Қазақстанмен, оңтүстігінде және оңтүстік-батысынан Түрікменстанмен шектеседі. Ондағы тұратын халықтар туралы Bradley Mayhew (2007) деректері бойынша жалпы халық саны 1 200 000 деп есептелді, оның ішінде қарақалпақтар 400 000-ға жуық, өзбектер 400 000-ға жуық, қазақтар 300 000-ға жуық болды, бұл (жуық шамамен) 1989 жылғы санақ деректеріне сәйкес келеді (өзбектер — 398 000, қарақалпақтар – 389 000, қазақтар – 319 000)» [11],- деп берілген. Сондай-ақ, Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлтаралық байланыстар және шет елдермен достық байланыстар жөніндегі комитетінің ресми сайтында Қарақалпақстандағы аз ұлттардың саны (2017 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімдеме) бойынша мынадай мәліметінде қазақтар - 292 395 адам деп көрсетілгеніне қарасақ, жоғарыдағы ақпараттан Қарақалпақстанда 31% жуық қазақтар мекендейді деген қорытындыны ұсынады [11]. Олай болса, Қарақалпақстанда мекендеуші басқа ұлттармен салыстырғанда, қазақтар сан

Мақалаға арқау болған бұл проблеманы кезінде «Гурьев (қазіргі Атырау) облысының топонимдері (тарихи-тілдік талдау)» атты кандидаттық зерттеуімізде сөз етіп, өңірде кездесетін қарақалпақ атауы хақында: «Қазақтар мен қарақалпақтардың өзара қарым қатысы жоңғар қалмақтарына бірлесіп күресуден де әріректен басталса керек. Ол туралы ғалым У.К. Шалекенов: «Қазақ ханы Тәукенің хандық құрған кезінде қарақалпақтар жоңғар шапқыншылығына дейін қазақтармен бірге өмір сүргені белгілі» [12, 20],- деп, одан әрі: «Тарихтан Тәукенің хандық құрған кезі XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басы екені белгілі. Олай болса, қазақтармен үш ғасырға жуық аралас-құралас өмір сүріп келе жатқан қарақалпақ халқының бір-біріне тілдік әсер етуі, бір-біріне сөз ауысуы және олардың топонимдерде көрініс табуы әбден заңды құбылыс. Алайда, регионда қарақалпақ тілінен енген топоним жоқтың қасында. Мысалы, *Бүгіл* – жер аты, Ат. обл. Осы атаудың қойылуын географиялық белгісі жағынан алып қарағанда теңіздің қолтық жеріне орналасқан. Ал бүгіл сөзі қарақалпақ тілінде «шығанақ, қолтық» мағынасын білдіреді. Сондай-ақ, Маңғыстау территориясында *Қарақалпақ бекеті* бар. Бәлкім, бұл атаулар үш ғасырлық тарихы бар, қарақалпақ халқынан қалса керек. Олай болса, бұл өңірлерде ертелі-кешті болған тайпалардың қай-қайсысыда әр дәуірде әлеуметтік жағдайларға байланысты бір-бірімен тоғысып, араласып отырғанын байқаймыз. Зерттеліп отырған регионда қазіргі Кіші жүз құрамында кездесетін рулардың көбі тарихтан белгілі. Мысалы, алшын, адай (дай, дахи), кердері т.б.» [13, 21],- деп, өңірдегі *Қарақалпақ және Бүгіл* атауларын тарихи-мәдени туыстығы, рухани тамырластығы тұрғысында баяндалады. Сондай-ақ, зерттеу аясында маңғыстаулық көнекөз қарттардың айтуынша, қарақалпақ руын *қалпақ* деп, тіпті, он екі ата Байұлы ішіндегі *таз* руының бастапқы аты *қалпақ* деп атағаны әлі есімізде. Жалпы алғанда, екі халықтың басынан өткен оқиғалары мен сол кезеңнің ғибраты мол әдет-ғұрыптық (рухани-мәдени) заңдылығынан аңғарамыз.

Еліміз Тәуелсіздік алған жылдары ата-қонысқа алғаш оралғандар Қарақалпақстан еліндегі ағайындар болатын. *Бір қызығы*: қарақалпақ руын *қалпақ* деп атағаны сияқты, алғаш келген жылдары Алматы облысы, Қарасай ауданы, Сауыншы ауылына келіп қоныстанған оларды жергілікті қазақтар «өз қалпақ ағайынымыз» деп, *қолдау*, *құрметтеу*, *дәріптеу* мәнінде айтқанын естігеніміз бар.


Зерттеу объектімізге орай, жоғарыдағы тарихи деректерге сүйеніп, қазақ пен қарақалпақ руларының өзара байланысы болғандықтан, оның Қазақстанның қандай аймақтарымен шектесетіні назарға алынды. Сонымен, Қарақалпақстан Қазақстанның мына облыстарымен, яғни солтүстіктен Ақтөбе облысының Байғанин ауданымен, сондай-ақ Қызылорда облысының Қазалы және Қармақшы аудандарымен, солтүстік-батыстан және батыстан Маңғыстау облысының Қарақия, Маңғыстау және Бейнеу аудандарымен шекаралас [14] екенін көрсетеді. Сонымен бірге, Қарақалпақстанның Мойнақ қаласы Арал теңізімен жағалауында орналасқанын ескерсек, Арал қаласынан Мойнақ қаласына теңіз арқылы кемелер қатынағаны белгілі. Бұл хақында: «Мойнақ 1931 жылдан бастап қала мәртебесіне ие. 1980 жылдардың ортасына дейін Мойнақ бір кездері суы мол Арал теңізінің оңтүстік жағалауындағы дамыған балық аулайтын порт қаласы болды. Қалада қала құраушы кәсіпорын және бұрынғы КСРО-дағы ең ірі балық консерві зауыттарының бірі болған Мойнақ балық консерві зауыты жұмыс істеді» [15], - деп жазғандай, Арал балықшылары аулаған балығын Мойнақ балық консерві зауытына тапсырғанын тарихи деректерден көреміз.

#### **Нәтижелер және оларды талқылау**

Зерттеуге негіз болған материалдары мен жоғарыдағы ақпарат жолдарынан сонау ата-бабамыздан бері үзілмей келе жатқан төскейде малы, төсекте басы қосылған қарақалпақ руларымен көршілес, оның ішінде қазақтың Кіші жүз руларымен тек құрлықта ғана емес, тонның ішкі бауындай теңізі арқылы да аралас-құралас өмір сүріп, қарым-қатынаста болғанын төмендегі

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №1 (83), наурыз 2026  
 Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences  
 картадан (сурет 1) көруге болады.

Сурет 1 Арал қаласынан Мойнақ қаласына теңіз арқылы байланысының картадағы көрінісі



Зерттеу барысында қазақ пен қарақалпақ халқына ортақ, тектес-аттас руларды қайталанған (параллель) жинақтауда И.Н. Лезина, А.В. Суперанская [9] және осы жол авторы құрастырған Қазақтың ру-тайпа аттары [10] кітаптарын басшылыққа алып, жүйеленді және оны төмендегі кестеден қарауды ұсынамыз:

Кесте 1 Қайталанған (параллель) қазақ пен қарақалпақ рулары

р/с	Ру аттары	Қазақ (Кіші, Орта, Ұлы жүз)	Қарақалпақ
1	Абыз/Абыс, Абаз	жетіру, әлімұлы	ашамайлы, муйтен, көнегес, қият
2	Айдарбек/Әйдербек	әлімұлы	жауңғыр
3	Ақай	арғын, әлімұлы	ашамайлы, қолдаулы
4	Ақназар	арғын, албан, жетіру	қият
5	Ақпышақ	байұлы	кенегес, қытай
6	Ақымбет	керей, байұлы	қтай
7	Алаберді/Алдаберді	жетіру, байұлы, әлімұлы, қыпшақ, керей	муйтен
8	Алты-Ата	әлімұлы	қыпшақ
9	Аманқұл	суан, албан, әлімұлы, байұлы	қтай
10	Аралбай	байұлы, әлімұлы, суан, арғын, найман	қтай
11	Арзықұл/Арзықұл	әлімұлы	балғалы
12	Асан	жетіру, әлімұлы	балғалы
13	Ашамайлы/Ашмайлы/Ашамайлы	жетіру, керей	конрат, қыпшақ
14	Әйтеке/Айтеке	байұлы, әлімұлы, керей	қтай
15	Әлімбаи/Алимбай	әлімұлы	қтай
16	Базар	байұлы, жетіру, әлімұлы, жалайыр, керей	қтай
17	Баймұрат	байұлы	муйтен
18	Бакый/Баки/Бақы	найман, әлімұлы, жалайыр, арғын	қтай

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №1 (83), наурыз 2026  
 Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences

19	<i>Балғалы</i>	жалайыр, қаңлы, <i>жетіру</i>	кият, қыпшақ
20	<i>Бәйбіше/Байбише</i>	<i>байұлы</i> , жалайыр, керей	ктай, қыпшақ, мүйтен
21	<i>Бессары/Беисары</i>	<i>байұлы</i> , шапырашты, қыпшақ, қаңлы	кият, ктай
22	<i>Бозтай/Постай</i>	<i>жетіру</i> , керей, найман	манғыт
23	<i>Даулет/Дәулет</i>	найман, арғын, <i>әлімұлы</i> , <i>байұлы</i> , жалайыр, албан, қыпшақ, керей, шанышқылы	кенегес
24	<i>Дуан, Дубан/Дуана</i>	суан, <i>әлімұлы</i> , <i>жетіру</i>	конграт
25	<i>Ерғали/Ирғали</i>	<i>әлімұлы</i>	конграт
26	<i>Есен</i>	албан, арғын, <i>байұлы</i> , уақ, сіргелі, қыпшақ, дулат, <i>әлімұлы</i> , найман, керей	кият
27	<i>Естек/Истяк, Эштек</i>	<i>әлімұлы</i>	қыпшақ
28	<i>Есіркеп/Есіргеп, Есеркеп</i>	<i>байұлы</i> , <i>әлімұлы</i> , жалайыр, қыпшақ, керей, найман	ктай
29	<i>Жабы/Ябу, Йабу</i>	<i>әлімұлы</i>	қыпшақ
30	<i>Жағалбайлы, Жағалбай/Жағалмай, Яғалбай</i>	<i>жетіру</i> , <i>әлімұлы</i> , керей, арғын	кипчак
31	<i>Жалайыр</i>	Ұлы жүз, арғын, керей, найман, <i>жетіру</i>	балғалы
32	<i>Жаман/Яман, Иьяман</i>	арғын, <i>байұлы</i> , <i>әлімұлы</i> , <i>жетіру</i>	кият, ктай
33	<i>Жаманиша/Яманчи</i>	керей, <i>әлімұлы</i>	манғыт
34	<i>Жанбирчи/Жанбыршы, Жамбыршы</i>	найман, арғын, керей, шанышқылы, <i>байұлы</i> , <i>әлімұлы</i>	кытай
35	<i>Жангелді/Жангильды</i>	<i>әлімұлы</i> , уақ, арғын, керей, қыпшақ, қаңлы	қос-тамғалы
36	<i>Жансары, Янсары, Джансары</i>	уақ, найман, арғын, керей, <i>әлімұлы</i> , <i>байұлы</i>	кият
37	<i>Жапар, Жаппар/Джавар</i>	арғын, қыпшақ, <i>байұлы</i>	ашамайлы
38	<i>Жарымбет/Жаримбет, Жәрімбет</i>	найман, арғын, дулат, шапырашты, қыпшақ, <i>байұлы</i>	конгырат, жаунгыр
39	<i>Жәдік/Жәдек, Жадик</i>	керей, қыпшақ, қоңырат, <i>әлімұлы</i> , <i>байұлы</i> , <i>жетіру</i> , сіргелі, шапырашты, Ұлы жүз, албан	қыпшақ
40	<i>Жетіру, Жетыруу/Джете-уру</i>	<i>Кіші жүз</i> , арғын, қыпшақ	ккалп
41	<i>Жолан</i>	<i>әлімұлы</i> , арғын, керей	мүйтен
42	<i>Жолқұтты/Жолқұтты</i>	<i>әлімұлы</i> , жалайыр	ктай
43	<i>Жорытпас/Жортбас, Жортпас</i>	<i>әлімұлы</i> , <i>жетіру</i> , қоңырат	кара мойын
44	<i>Итак/Итақ</i>	<i>байұлы</i>	мүйтен
45	<i>Кенжегұл, Кинджекул, Генжекул</i>	<i>байұлы</i> , <i>әлімұлы</i> , <i>жетіру</i> , найман	ктай
46	<i>Кердері/Кердери, Керделі</i>	<i>жетіру</i>	мүйтен
47	<i>Керей, Керейт, Кераит/Герей, Герейт, Кирай, Херит</i>	Ұлы, Орта, <i>Кіші жүз</i> : қаңлы, уақ, арғын, қыпшақ, <i>жетіру</i>	ккалп.
48	<i>Киікші/Киикши</i>	<i>әлімұлы</i> , <i>жетіру</i> , қоңырат	қонырат, кандекли
49	<i>Көккөз/Кок-кез</i>	<i>әлімұлы</i> , қыпшақ, қоңырат	қыпчак
50	<i>Көрпе/Корпе</i>	<i>байұлы</i> , <i>жетіру</i> , қоңырат, қыпшақ, шапырашты	ктай
51	<i>Көшер/Кучер</i>	<i>әлімұлы</i> , керей	кенегес
52	<i>Күйік/Куяк, Куюк</i>	<i>байұлы</i> , керей	ктай
53	<i>Қайытберді, Кайытберлі</i>	дулат, шапырашты, қыпшақ, <i>әлімұлы</i>	кытай
54	<i>Қайытназар/Кайып-Назар</i>	<i>әлімұлы</i> , <i>байұлы</i>	қыпшақ
55	<i>Қалқаман</i>	арғын, <i>байұлы</i> , <i>әлімұлы</i> , найман, шапырашты, албан, дулат, қыпшақ	колдаулы, кытай
56	<i>Қангелді/Хангелди, Кангелды</i>	суан, керей, <i>байұлы</i> , <i>әлімұлы</i>	жаунгыр
57	<i>Қара</i>	найман, дулат, қоңырат, ысты, қаңлы, дулат, шапырашты, қыпшақ, керей, <i>байұлы</i> , <i>әлімұлы</i>	кенегес
58	<i>Қаракесек/Каракисяк</i>	<i>әлімұлы</i> , <i>байұлы</i> , арғын	қыпчак-ктай

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №1 (83), наурыз 2026  
 Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences

59	Қарақ	жетіру	қыпшақ
60	Қарақалпақ	арғын, шанышқылы	ккалп
61	Қарақожа/Кара-Годжа, Қараходжо	жалайыр, арғын, байұлы, әлімұлы	ашамайлы
62	Қарақойлы/Кара-Койлы	Ұлы жүз, дулат, қыпшақ, ысты, жетіру, керейт	ккалп
63	Қаратай	найман, жалайыр, байұлы, әлімұлы	манғыт
64	Қареке	арғын, байұлы, жетіру	кара-мойын
65	Қожабай/Хожабай	байұлы, жетіру, әлімұлы, қыпшақ	қытай
66	Қойлы/Койлы	арғын, әлімұлы	ктай
67	Қолдаулы/Құлдаулы	жетіру	ккалп
68	Қостаңбалы, Қостамгалы, Қосытамгалы/Козтамгалы	сіргелі, байұлы	арыс конграт, балгалы
69	Құлман/Кульман	жетіру, байұлы, әлімұлы	кенегес
70	Құрбан/Курбан	сіргелі, қоңырат, байұлы	жаунғыр
71	Қыдыр/Кыдыр	найман, керей, дулат, арғын, әлімұлы, байұлы	ктай
72	Қылыш/Клыч, Клыцты	байұлы, әлімұлы, қыпшақ	қыпшақ
73	Қырық/Кырк, Гырык	сары-үйсін, жетіру	ктай
74	Қырықсадақ/Крыксадак	шанышқылы, байұлы	кандекли
75	Қытай/Ктай, Хытай, Китай	найман, уақ, қыпшақ, жалайыр, әлімұлы	ктай/қытай
76	Майлы	әлімұлы, байұлы, албан, арғын, керей	конгырат
77	Майлыбай	қоңырат, жалайыр, арғын, әлімұлы, жетіру	қытай
78	Мамай	жалайыр, найман, албан, байұлы, жетіру, әлімұлы	қытай
79	Маңғыт/Мангит, Маңғытай, Мангкит	найман, қоңырат, жалайыр, әлімұлы	ккалп
80	Мыңжар/Минжир, Мынжыр	әлімұлы	кенегес
81	Оразымбет/Уразымбет	әлімұлы, сіргелі, қаңлы	ктай, қыпшақ
82	Орақ/Урак	әлімұлы, байұлы, арғын, ошақты	кипшақ-ктай
83	Орыс/Өріс, Урус/Орус	әлімұлы (кішкене), жетіру, суан, керей, шапырашты, қыпшақ, сіргелі	қытай
84	Өмір/Умыр, Омур	байұлы, әлімұлы, жетіру, арғын қоңырат, шапырашты	кенегес
85	Өстемір/Остемир, Устемир	әлімұлы, жалайыр, арғын, қыпшақ, керей	ктай
86	Өтеміс/Өтемис, Утемыш, Утямыш	найман, уақ, қоңырат, керей, қыпшақ, дулат, албан, сіргелі, байұлы, әлімұлы	ашамайлы, кенегес
87	Рысымбет/Рсымбет, Ырсымбет	әлімұлы	ктай
88	Садақ/Садак	жетіру	жаунғыр
89	Салық/Салык	дулат, байұлы	ктай
90	Самат	жетіру, әлімұлы	муйтен
91	Сандаұлы/Сандаулы, Саужайлы	жетіру	шуллук
92	Сарай	арғын, жетіру	ктай
93	Сарт	албан, байұлы, әлімұлы, жетіру	қыпшақ
94	Сары/Сарыг, Сарылар	албан, қоңырат, найман, керей, қыпшақ, шапырашты, дулат, қаңлы, жалайыр, әлімұлы, жетіру, байұлы	кенегес, ашамайлы
95	Сарықұл, Сарқұл/Сарыкул	шапырашты, албан, найман, арғын, қоңырат, байұлы	қытай
96	Сарытай	байұлы	манғыт
97	Сасық	қоңырат, қыпшақ, арғын, найман, әлімұлы, байұлы	ктай
98	Сәмбет/Самбет	найман, дулат, жетіру, әлімұлы	қыпшақ
99	Сегізек/Сегизек	найман, байұлы	ктай
100	Сейтімбет	қыпшақ, керей, байұлы, әлімұлы	кенегес

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №1 (83), наурыз 2026  
 Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences

101	<i>Серғалы, Сіргелі /Серғалы, Сиргелы</i>	уақ, арғын, найман, қоңырат, ойсыл, керей, <i>жетіру</i>	конгырат
102	<i>Сумұрын/Сумурун</i>	<i>байұлы</i>	кият
103	<i>Сүйін/Суйин</i>	<i>байұлы, әлімұлы, арғын</i>	кенегес
104	<i>Сүйіндік/Суюндик, Сююндук</i>	<i>байұлы, әлімұлы, жетіру</i> , қыпшақ, арғын, найман, керей, жалайыр, қоңырат, ысты, дулат, шапырашты	ктай
105	<i>Тайлақ</i>	керей, албан, найман, дулат, сіргелі, <i>байұлы, жетіру</i>	кытай
106	<i>Таңқы, Тәнке/Танке</i>	жалайыр, <i>байұлы</i>	ктай
107	<i>Тараклы/Таракты, Таракли</i>	арғын, <i>жетіру</i> , керей	кенегес, кият, қыпшақ
108	<i>Тәжік/Тажик, Таджик</i>	<i>байұлы</i>	конгырат
109	<i>Тәңірберген/Танғыр-Берген</i>	арғын, керей, <i>жетіру, байұлы, әлімұлы</i> , жалайыр, дулат	муйтен
110	<i>Тәңірберді, Тәңірбелі/Тангиберды</i>	арғын, найман, <i>әлімұлы, жетіру</i>	муйтен
111	<i>Тобынай/Табынай, Туманай</i>	<i>байұлы</i>	жаунгир
112	<i>Тоғай, Тоқай/Тогай, Токай</i>	<i>байұлы, жетіру</i> , қыпшақ, арғын, сиқым, қаңлы, уақ, керей	жаунгир, конгырат
113	<i>Тоғыззақ/Тогузак</i>	<i>байұлы, әлімұлы</i> , найман, керей	кият
114	<i>Тоғызбай, Тоғысбай/Тогузбай, Тогуспой, Тугусбай</i>	<i>байұлы, әлімұлы</i> , арғын, қаңлы, қыпшақ	кыпчак
115	<i>Тоқа/Тоха, Тока</i>	найман, арғын, <i>байұлы, әлімұлы, жетіру</i>	ктай
116	<i>Тоқболат/Токполат, Токбулат</i>	қоңырат, қыпшақ, найман, <i>әлімұлы</i>	кандекли
117	<i>Тоқсоба, Тоқсаба/Токсоба, Туксаба</i>	<i>байұлы</i> , қыпшақ	кыпшақ
118	<i>Тоқымбет/Токумбет, Тоқымбет</i>	керей, жалайыр, <i>әлімұлы, байұлы, жетіру</i>	конгырат, балгалы
119	<i>Төлеңгіт, Толенгіт/Теленгут, Тюленгут, Телеут</i>	жүзге жатпайды, жалайыр, <i>байұлы</i>	ктай
120	<i>Төлес, Төлеш/Толес, Тулус, Телес, Толос</i>	албан, <i>әлімұлы, байұлы, жетіру</i> , қыпшақ	кыпшақ
121	<i>Төре/Тюре, Торе</i>	жүзге жатпайды, <i>әлімұлы</i>	ктай
122	<i>Төртұл/Тортул, Тартулы, Тортулы</i>	найман, арғын қаңлы, <i>жетіру</i>	кият
123	<i>Тұңғатар, Тунғатар, Тунғатар/Тунготар, Тункатар</i>	арғын, албан, жалайыр, шапырашты, <i>байұлы, әлімұлы</i>	кунград/конгырат
124	<i>Тілеуберді, Тілеуберлі/Тлеуберды</i>	<i>жетіру, байұлы</i> , албан, қыпшақ, найман, керей	муйтен
125	<i>Үйсін/Усунь, Уйсюн</i>	Ұлы жүз, <i>Кіші жүз</i> , арғын, <i>байұлы</i>	ккалп
126	<i>Үмбетей</i>	арғын, дулат, қыпшақ, <i>әлімұлы</i>	ктай
127	<i>Хангелді, Хангельды/Хангилды</i>	албан, арғын, керей, суан, <i>әлімұлы, байұлы, жетіру</i>	жаунгир
128	<i>Шегір/Чегыр, Чекыр</i>	керей, шапырашты, <i>әлімұлы, жетіру</i> , албан, арғын, дулат, қоңырат, қыпшақ	кыят
129	<i>Шөмішті/Шомишли, Чумышли</i>	<i>жетіру</i> , керей	конграт, балгалы
130	<i>Шуылдақ/Шуулдақ, Шуылдақ</i>	дулат, <i>әлімұлы, жетіру</i> , ошақты	кыпчак
131	<i>Шүйім/Шуйит, Шюот</i>	<i>әлімұлы</i>	мангыт

Қазақ пен қарақалпақ халқына ортақ қайталанған (параллель) руларына лексикостатистикалық әдіс арқылы жүргізілген талдаудан байқағанымыздай (Барлығы - 174, оның ішінде Кіші жүзге тән ру - 131, оның ішінде қайталанғаны - 206: Байұлы - 70, Әлімұлы - 82, Жетіру - 54), негізінен этноәрістің (этникалық байланыстың) барын және этноәрістен белгілі бір ру, тайпалардың бір халық құрамынан екінші бір халыққа ауысу процесіне көз жеткіздік. Бұл жөнінде ғалым Т. Жанұзақ: «...Оның бірінші - әр кезде, әр түрлі тарихи себептермен бір халық құрамына, басқа халық арасына барып сіңіп, араласып кеткен, солардың тілінде сөйлейтін этнотоптар болса, екіншісі – басқа бір халықтың жеріне көшіп барып қоныстанғанымен өздерінің ұлттық ерекшеліктерін, халықтық

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences әдет-ғұрып, салт-сана, дәстүрлерін берік сақтап, туған ана тілінде сөйлейтін этнотоптар» [16, 236],- деп, бұл ауысу процесін тілімізде екі түрлі жолмен (дәрежеде) жасалғанын орынды атап көрсеткен.

Осы орайда, қазақ және қарақалпақ тілдері қыпшақ тобының қыпшақ-ноғай бұтағына жатады [17, 20] және қарақалпақ тілінде екі диалект бар: қазақ тіліне жақын солтүстік-шығыс диалектісі мен өзбек және түркмен тілдеріне жақын оңтүстік-батыс диалектісі. Қазіргі қарақалпақ әдебиеті солтүстік-шығыс диалектісінің негізінде жасалған [18],- деген жолдары қазақ ономастикасының абыз ақсақалы, ғалым Т. Жанұзақтың жоғарыдағы пікірімен үндесіп жатқанын көреміз.

### **Қорытынды**

Қорыта келгенде, түркі тілдес қазақ пен қарақалпақ халқы этнонимдері құрамында қайталанған ру-тайпалар атауларының кездесуі заңды құбылыс. Олай болса, XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басында өмір сүрген неміс ғалымы-гуманист, филолог, әрі философ Вильгельм фон Гумбольдт: «Жүйелі түрде барлық фактілерді салыстыру... Бұл салыстыру туыстық тілдер кестесінен бұрын өз алдына пайда болуы мүмкін, сондықтан онда қандай бөлікте, қандай сәйкестілікті көрсетеді және қандай деңгейде ортақ шығу тегі жөнінде салыстырып талдауға жәрдемдеседі» [19, 372],- деп жазғандай, келешекте қазақ этноним жүйесінде түркі халықтарының (қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, түрікмен) тарихы мен мәдениеті, тілі мен әдебиеті аясында этнонимдерді тығыз бірлікте алып зерттегенде, олардың туыстық дәрежесін, айырмашылығын, шығу тегін, дамуы мен генезисін анықтауда жаңаша көзқарастар мен ой-тұжырымдар, пайымдаулар айтылатыны сөзсіз. Және тарихи-әдеби-мәдени үрдісте түркі тілдес халықтарында кездесетін ру, тайпаларға тән ортақ жақындықтарын айқындауда глоттохронологиялық (немесе лексика-статистикалық) әдісі арқылы туыстас тілдерде кездесетін қайталанған (параллель) руларды өз алдына жеке зерттеу – болашақтың ісі.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қарасөздер. (Құраст.: Абдуллин Х., Дәрімбетов Б., Жұмабаева З. - А.: Жазушы, 1989. - 448 б., портр., суретті.
2. Бердібай Р. Байқалдан Балқанға дейін. - А.: Қазақстан., 1996. - 256 б.
3. Шүкіров З. «Сыр бойы» кітабы. Тарихи роман. 1 т. - А.: «Қайнар» басп., 2006. - 432 б.
4. Айтмуратов Д. Тюркские этнонимы: каракалпак, черные клобуки, черкес, башкурт, кыргыз, уйгур, тюрк, печенег, сак, массагет, скиф. - Нукус, «Каракалпакстан», 1986. - 286 с.
5. Тоқтабай А. Түркі халықтарының этномәдениеті. - А.: «Толағай» басп., 2006. - 328 б.
6. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). 5-томдық. 1т. - А.: Атамұра, 2010. - 544 б.
7. Пьянков И.В. К вопросу о маршруте походе Кира II на массагетов//Вестник древней истории. № 3,1964, с. 115-129.
8. Лезина И.Н., Суперанская А.В. Ономастика. Словарь-справочник тюркских родоплеменных названий. Часть 1-2. М., 1994. - 467 с.
9. Қожанұлы М. Қазақтың ру-тайпа аттары (этнонимдер) сөздігі. 1-бөлім. - 306-б.; 2 бөлім - 310 б. Нұр-Сұлтан, 2021.
10. Қарақалпақстан <https://kk.wikipedia.org/wiki/Қарақалпақстан> - қараған күні - 05.12.25ж.
11. Шалекенов У.К. История и этнология народов Амударьи и Сырдарьи в XVIII-XX вв.- А.: Қазақ университеті, 2003. - 312, [2] с., ил., табл.
12. Қожанұлы М. Атырау облысының жер-су аттары. - Аст., 2005. - 144 б.
13. Нөкіс <https://kk.wikipedia.org/wiki/Нөкіс> - қараған күні -07.12.25ж.
14. Мойнақ <https://kk.wikipedia.org/wiki/Мойнақ> - қараған күні-07.12.25ж.
15. Жанұзақов Т. Қазақ тілі ономастикасының негізгі проблемадары//Филология ғылымының докторы дәрежесін алу үшін жазылған докторлық диссертация (қолжазба). - А., 1974. - 363 б.
16. Басқаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. - М.: Наука, 1981. - с.136.
17. Қарақалпақ <https://kk.wikipedia.org/wiki/Қарақалпақтар> қараған күні -19.12.25ж.

### References

1. Jūmabaev M. Şyğarmalary: Öleñder, poemalar, qarasözder. (Qūrast.: Abdullin H., Därimbetov B., Jūmabaeva Z. - A.: Jazuşy, 1989. - 448 b., portr., suretti.
2. Berdıbai R. Baiqaldan Balqanğa deim. - A.: Qazaqstan., 1996. - 256 b.
3. Shükırov Z. «Syr boiy» kitabı. Tarihi roman - 1 t. - A.: «Qainar» basp., 2006. - 432 b.
4. Aitmuratov D. Tyurkskie etnonimy: karakalpak, chernye klobuki, cherkes, bashkurt, kyrgyz, uıgur, tyurk, pecheneg, sak, massaget, skif. - Nukus, «Karakalpakstan», 1986. - 286 s.
5. Toqtabai A. Türki halyqtarynyñ etnomädenietı. - A.: «Tolağai» basp., 2006. - 328 b.
6. Qazaqstan tarihy (köne zamannan büginge deim). 5-tomdyq. 1t. - A.: Ata mūra, 2010. - 544 b.
7. P'iankov I.B. K voprosu o marshrute pohode Kirapa II na massagetov//Vestnik drevnei istorii. № 3, 1964, s. 115-129.
8. Lezina I.N., Superanskaya A.V. Onomastika. Slovar'-spravochnik tyurkskih rodoplemennyyh nazvaniy. Chast' 1-2. M., 1994. - 467 s.
9. Qojanūly M. Qazaqtyñ ru-taipa attary (etnonimder) sözdıgı. 1-bölim. - 306-b.; 2 bölim - 310 b. Nūr-Sūltan, 2021.
10. Qaraqalpaqstan <https://kk.wikipedia.org/wiki/Қарақалпақстан> - qarağan küni - 05.12.25j.
11. Shalekenov U.K. Istoriya i etnologiya narodov Amudar'i i Syrdar'i v XVIII-XX vv.- A.: Qazaq universiteti, 2003. - 312, [2] s., il., tabl.
12. Qojanūly M. Atyrau oblysynyñ jer-su attary. - Ast., 2005. - 144 b.
13. Nökis <https://kk.wikipedia.org/wiki/Нүкіс> - qarağanküni -07.12.25j.
14. Moınaq <https://kk.wikipedia.org/wiki/Мойнақ> - qarağan küni-07.12.25j.
15. Janūzaqov T. Qazaq tılı onomastikasynyñ negızgı problemadary//Filologia ғылымynyñ doktory дәrejesin alu üşin jazylğan doktorlyq disertasia (qoljazba). - A., 1974. - 363 b.
16. Baskakov N.A. Altajskaya sem'ya yazykov i ee izuchenie. - M.: Nauka, 1981. - s.136.
17. Qarakalpaq <https://kk.wikipedia.org/wiki/Қарақалпақтар> - qarağan küni -19.12.25j.
18. Vil'gel'm fon Gumbol'dt. YAzyk i filosofiya kul'tury. - M: «Progress», 1985. - s. 450.

## О ПОВТОРЯЮЩИХСЯ (ПАРАЛЛЕЛЬНЫХ) РОДАХ В СИСТЕМЕ КАЗАХСКОЙ ЭТНОНИМИИ

(По материалам казахско-каракалпакских родов)

КОЖАНУЛЫ М. 

**Кожанулы Манасбай** – Кандидат филологических наук, профессор, Национальный университет обороны Республики Казахстан, г. Астана, Казахстан

**E-mail:** [m\\_kozhanuly@mail.ru](mailto:m_kozhanuly@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-9935-0750>

**Аннотация.** В статье рассматриваются о родах (этнонимах), образованных путем повторения (параллели) в системе казахских этнонимов. Автор, основываясь на материалах казахских и каракалпакских родов, рассматривает однородные и схожие родовые названия в рамках глоттохронологического (или лексико-статистического) метода с целью оптимизации понимания и анализа методов исследования параллельных родовых названий двух народов. В результате исследования, показало, что повторяющиеся (параллельные) этнонимы являются одним из древнейших историко-культурных связей, а также одним из древних языковых явлений, можно сделать вывод, что этнонимы, созданные путем повторения в системе казахских этнонимов, имеют на протяжении всей истории родственные и межродовые связи друг с другом, даже соседние места обитания и поселения. Также предлагается исследовать этнонимы в рамках тесной взаимосвязи с историей и культурой, языком и литературой тюркских народов (казахов, каракалпаков, киргизов, узбеков, туркмен), а также с родоплеменными обычаями и мировоззрением в системе казахских этнонимов. Автор утверждает, что анализ и исследование повторяющихся или родственных родов в системе казахских этнонимов как страницы жизни предков, державших знамя единства, героизма и

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №1 (83), наурыз 2026

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences  
государственности на пути к целостности казахско-каракалпакского народа, является одной из актуальных проблем казахской ономастики.

**Ключевые слова:** этноним, глоттохронологический (или лексико-статистический) метод, сак, массагет, роды Младшего жуза, казахско-каракалпакские роды: акпышак, айдербек, и др.

## ON REPEATING (PARALLEL) CLANS IN THE SYSTEM OF KAZAKH ETHNONYMIA (Based on materials from Kazakh-Karakalpak clans)

KOZHANULY M. 

**Kozhanuly Manasbay** – Candidate of philological sciences, professor, National defense university of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan

**E-mail:** [m\\_kozhanuly@mail.ru](mailto:m_kozhanuly@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-9935-0750>

**Abstract.** The article discusses the genera (ethnonyms) formed by repetition (parallelism) in the system of Kazakh ethnonyms. Based on the materials of the Kazakh and Karakalpak clans, the author examines homogeneous and similar clan names using the glottochronological (or lexical-statistical) method in order to optimize the understanding and analysis of the methods of studying the parallel clan names of the two peoples. As a result of the study, it was shown that repeated (parallel) ethnonyms are one of the oldest historical and cultural connections, as well as one of the oldest linguistic phenomena. It can be concluded that ethnonyms created by repetition in the system of Kazakh ethnonyms have had kinship and intertribal connections throughout history, even in neighboring habitats and settlements. It is also proposed to study ethnonyms in close relation to the history and culture, language, and literature of the Turkic peoples (Kazakhs, Karakalpaks, Kyrgyz, Uzbeks, and Turkmen), as well as to study tribal customs and worldviews in the system of Kazakh ethnonyms. The author argues that the analysis and study of repeated or related genera in the system of Kazakh ethnonyms as pages of the lives of ancestors who held the banner of unity, heroism, and statehood on the path to the integrity of the Kazakh-Karakalpak people is one of the current problems of Kazakh onomastics.

**Key words:** ethnonym, glottochronological (or lexical-statistical) method, sak, massaget, clans of the Younger Zhuz, kazakh-karakalpak clans: akpyshak, aiderbek, etc.